

**БИОЛОГИЯ  
ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ  
КАНДИДАТЫ,  
ПРОФЕССОР  
ТОРМАНОВ НҰРТАЙ  
ТОРМАНҰЛЫ**

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, биология және биотехнология факультеті, биофизика және биомедицина кафедрасы, Қазақстан Республикасы «Білім беру ісінің екі дүркін үздігі», Қазақстан Республикасының «Білім беру ісінің құрметті қызметкері», биология ғылымдарының кандидаты, профессор Нұртай Торманұлының туғанына 75 жыл, ғылыми-педагогикалық қызметіне 50 жыл толған өмір жолынан қысқаша мәлімет.*

Н. Торманұлы 1940 жылы Қызыл-Орда облысы, Қармақшы ауданы, Ақжар совхозында дүниеге келді. 1957 жылы, ЛКСМК-ның 25 жылдығы атындағы орта мектепті бітіргеннен кейін, комсомолдық жолдамамен өзінің туған совхозында үш жыл бойы әртүрлі жұмыс атқарды. 1960 жылы С.М. Киров атындағы Қазақ Мемлекеттік университетінің (қазіргі әл-Фараби атындағы ҚазҰУ) биология факультетіне оқуға түсіп, 1965 жылы бітіріп, адам және жануарлар физиологиясы кафедрасының жанында жаңадан ашылған проблемалық ғылыми-зерттеу лабораториясында инженер, кіші ғылыми қызметкер, профессордың ассистенті қызметін 1969 жылға дейін атқарды.

1966-1970 жылдар аралығында физиологиялық ғылыми-зерттеу проблема лабораториясының «Халықаралық биология бағдарламасы» бойынша, адам және жануарлардың әртүрлі эколого-географиялық ортаға бейімделуінің физиолого-биохимиялық механизмдерін зерттеулермен айналысып, Орта Азия мен Қазақстанның таулы аймақтарында (Памир, Іле, Қырғыз Алатауы) шөл, шөлейт жерлерінде (Маңғыстау түбегі) тіршілік етуші тұрақты тұрғындардың және уақытша келушілердің бейімделу механизмдерін зерттеуге ұйымдастырылған ғылыми экспедицияларына қатысты. Ғылыми зерттеу жұмысының нәтижесі бойынша 1974 жылы «Гипоксия мен сыртқы ортаның жоғарғы температурасына адам және жануарлар қанының құрамындағы белоктар мен белок фракцияларының жас ерекшеліктеріндегі өзгеріс» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғады. 1971 жылдан бастап педагогикалық қызметке кірісті, аға мұғалім, доцент, профессорлық лауазымға дейін көтерілді. Сонымен қатар әкімшілік және қоғамдық жұмыстарға белсене араласып, абыроймен атқарды. 1975 жылдан 1980 жылдар ара-

лығында биология және география факультетінің кешкі және сыртқы бөлімінің деканы. 1983-1989 жылдары биология факультетінің күндізгі бөлімі деканының орынбасары болып еңбек атқарды. 1989-1995 жылдары Биологияны оқыту әдістемесі атты кафедраның меңгерушісі болды.

Профессор Н. Торманұлы ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізумен қатар, 45 жылдан астам жастарға білім және тәрбие берумен де айналысып келеді. 1981-1984 жылдары Қызыл-Орда облысының күріш егетін аудандарында «Қоршаған ортаның әртүрлі химиялық заттармен, оның ішіндегі гербицидтер, инсектицидтер, фунгицидтер мен ластануына мониторинг» жүргізіп, оның салдарынан туындайтын зиянды әсерлерін зерттеп, әкімшілік орындарға, ауылшаруашылық мекемелеріне тиісті ұсыныстар жасады.

1985-1991 жылдар аралығында Б. Алтынсарин атындағы Білім беру проблемалары ғылыми-зерттеу институтымен бірігіп «Биология пәнін тереңдетіп оқытатын гимназиялар мен сыныптарына арнайы оқу-әдістемелік кешен жасау» мәселелерімен айналысып оқу-әдістемелік құралдар дайындауға мұрандық болды. 2000 жылдары «Стресс әсерінен жүрек жұмысы ырғағының өзгеруіне эндогендік аминдердің рөлін» зерттеу мәселесі бойынша аспирант, магистранттардың диссертациялық жұмыстарын қорғауға жетекшілік етті.

Н. Тормановтың қаламынан 200-ден астам ғылыми және ғылыми-әдістемелік мақалалар жарыққа шықты. Оның ішінде 11 оқу құралдары мен оқулықтар, әдістемелік нұсқаулар қазақ бөлімінде оқитын студенттерге, магистранттарға арналып жазылды. 2014 жылғы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің 80 жылдық мерейтойына арналған «Үздік оқу басылымы» байқауында «Сатылымдар көшбасшысы» номинациясы бойынша 1-дәрежелі диплом және 100 мың теңге сыйлығына ие болды.

Профессор Н. Торманұлы өзінің білімімен тәжірибесін, оқу үдерісіндегі инновациялық технологияларды мектеп оқушыларымен, оқытушыларына, бакалавр, магистр, докторанттарға үйретуде де аянбай еңбек етіп келеді.

Оның дәлелі 1985 жылдардан бастап, Алматы қаласының көптеген мектептерінде (РФМШ, №140, 161, 145, 118), Қазақстан Республикасы бірінші Президенті Қарасай аудандық Корпоративтік қорының басқаруымен мектеп оқушылары мен оқытушыларына оқу-әдістемелік көмек көрсетумен қатар биология пәнінен Олимпиадалар өткізуге соңғы бес жыл бойы белсене қатысуда. Республикамыздың басқа да облыс-

тарындағы мектеп оқушыларымен оқытушыларына өзінің білімін, біліктілігін, тәжірибесін үйретуде.

2008-2009 жылдары Маңғыстау облысының Білім беру департаментінің сұранысы бойынша биология пәнінен 30 мұғаліммен апталық семинар да дәріс оқып, тәжірибе алмастырды. Облыстық «Дарын» орталығында, дарынды оқушылармен биология пәнінің күрделі тарауларынан дәріс өткізілді. 2009 жылының ақпан, наурыз айларында Қызылорда, Талдықорған облыстарында Республикалық деңгейде пәндік Олимпиадалар өткізуді басқарды. 1998 жылы ҚР Білім, ғылым және мәдениет министрлігі жанынан Республикалық ғылыми-практикалық «Дарын» орталығын ұйымдастыруға үлесін қосты.

Сол ашылған орталыққа алғаш рет Республика деңгейінде дарынды балаларды тартып, Халықаралық деңгейде өтетін Биологиялық Олимпиадаға дайындауға атсалысты. 1997-1998 жылдарда профессор Н. Торманұлы Халықаралық биология Олимпиадасына (1997 жылы Ашхабад, 1998 жылы Германия, Киль қаласы) Қазақстан командасының координаторы болды. 1998 жылы Германия, Киль қаласында өткен Олимпиадада Қазақстанның командасындағы үш оқушы қола медаль жеңіп алды, бір оқушы мақтау грамотасына ие болды.

Н. Торманұлы кафедраның, факультеттің және университеттің қоғамдық жұмыстарына да белсене ат салысып келеді. 2004-2008 жылдары факультеттегі «Қазақ тілі» қоғамының төрағасы, факультет ғылыми кеңесінің, оқу әдістемелік бюросының мүшесі болып қоғамдық жұмыстарға қатысады. 2005 жылдан осы уақытқа дейін ҚР Білім және ғылым министрлігі жанындағы стандарттау және ұлттық тестік орталығында эксперттік комиссияның мүшесі. Республикалық ғылыми-педагогикалық «Биология және салауаттылық негізі» журналының редакция кеңесінің тұрақты мүшесі.

2007 жылы Қазақстан дәрігерлер және провизорлар ассоциациясының мүшесі.

Ұлағатты ұстаз өзінің білімін, біліктілігін, тәжірибесін студент жастарға аянбай беруде. Биология және Биотехнология мамандықтары бойынша 3 және 4-курс студенттеріне «Адам және жануарлар физиологиясы» және «Биологияны оқытудың инновациялық әдістемесі» атты жалпы курстардан студенттерге жиырма жылдан астам уақыт қазақ тілінде дәріс оқуда. Бакалавр, магистрлерге де таңдамалы арнаулы курстарды дайындап білімін аянбай беруде. Сонымен қатар бакалаврлық, магистрлік диссертация қорғауға

басшылық етуде. Соңғы 10 жылдың ішінде 30-дан астам магистрлер дайындап өмірге жолдама алуға үлесін қосуда.

Республикалық баспасөз беттерінде және телевизор «Хабар агенттігі» арқылы білім арнасы, «Жаңашыл алаң» бағдарламасынан биология, физиологияның ғылымдарының жетістіктері және салауатты өмір салтын насихаттау жайлы бірнеше рет дәрістер оқып, сұхбаттар өткізді.

Жастарға білім, тәрбие берудегі еңбегін және факультет, университет деңгейіндегі белсенді жұмыстары бағаланып, университет ректорларының бұйрығымен бірнеше дүркін (20 рет) алғыс жариялануымен қатар, 1984 жылы «Қазақ университетіне 50 жыл» мерекелік төсбелгісімен, 1994 және 1996 жылдары, «Қазақстан Республикасы білім беру ісінің үздігі», 1996 жылы «Әл-Фараби атындағы ұлттық университетке 75

жыл» құрмет белгісімен, 1996 жылы «Қазақстан Республикасы білім беру ісінің құрметті қызметкері», 2014 жылы «Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне 80 жыл» мерекелік медалімен марапатталды. Жастарға білім және тәрбие берудегі өзінің білімін, тәжірибесін әлі де жалғастырып келеді.

Ар тазалығын ту етіп көтерген, достыққа берік, парызына адал абзал азаматтың қоғам мен сүйікті еліне бергенінен берері көп болғанына достары, жолдастары, әріптестері мен шәкірттері шын ниетімен тілектестік білдіреді.

**Төлеуханов С.Т.,**  
Биофизика және биомедицина  
кафедрасының меңгерушісі б.ғ.д.,  
профессор